



Қаржылық менеджмент

Суйеубаева С.Н.
Кәсіпкерлік және
Бизнес мектебінің доценті
ауд. Г1-328



Тақырып 10:

**Дивиденттік саясатты
басқару. Дивиденттік
саясаттын басты сұрағы**



Дәріс жоспары



1. Акция, дивиденд, пайда
2. Дивиденттік саясатын қалыптастырудың теориялық аспектілері
3. Дивиденд саясатының түрлері
4. Дивиденттерді төлеу әдістемесі

АКЦИЯ өзінің иегеріне АҚ-ның пайдасынан дивидендтер түрінде 1 бөлігін алуға, АҚ басқару үдерісіне араласуға және АҚ жойылған жағдайда үлесіне сәйкес мүлігіне ие болуға құқық беретін эмиссиялық бағалы қағаз



ДИВИДЕНД (лат. dividendum – бөліске түсемін) – акционерлерге акциясының құны мен мөлшеріне сәйкес акционерлік қоғам пайдасынан жыл сайын төленетін табыс.

Дивиденд құнын акционерлер жиналысы шешеді. Дивидендтер көбінесе жылына бір рет беріледі. Дивиденд төленуі жобаның капитализациясын азайтады. Қаржылық жылдың аяғына дейін төленетін аралық дивиденд деп аталады. Жыл соңындағы дивидендтер финалдық дивидендтер деп аталады.

Әдетте дивидендтер **АҚШАЛАЙ** төленеді.

Акциялардың түрлері



Акциялардың түрлері:

Жай

Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

Артықшылықты

Артықшылықты акциялардың меншік иелері – акционерлердің жай акциялардың меншік иелері – акционерлеріне қарағанда қоғамның жарғысында белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және қоғам таратылған кезде осы Заңда белгіленген тәртіппен мүлкінің бір бөлігіне басым құқығы бар.

Дивидендтік саясат – бұл тапқан пайданы дивидент түрінде төлеу немесе оларды фирма активі ретінде қалдыру жөнінде шешім қабылдау.



Дивиденд саясаты үш сұрақты шешеді:

1. Анықталған уақыт аралығында пайданың қандай бөлігі дивидендке төлену қажет?
2. Фирма дивидендтердің тұрақты өсуін қолдауы керек пе?
3. Ағымдық дивидендтерге фирма қанша ақша жұмсауы керек?

Дивиденд саясатын анықтайтын факторлар



- дивидендтік төлемдерді анықтайтын факторлар;
- инвестициялық мүмкіндіктерді анықтайтын факторлар;
- капиталдың баламалы көздерін анықтайтын факторлар;
- қажетті пайдалылық мөлшерлемесіне әсер ететін дивидендтік саясатты анықтау факторлары.

Дивидендтік төлемдерді анықтайтын факторлар:



а) облигация шығару бойынша эмиссиялық алаңда қарастырылған ережелер, өйткені фирма акция бойынша дивидендті төлеместен бұрын облигация бойынша міндеттерін төлеп тастау керек;

б) таратылған пайда мөлшерінен дивидендтер аспау керек, бірақ фирманы жойғанда ол мүмкін жағдай;

в) қолма-қол ақшалармен қамтамасыз еткенде, қолма-қол ақшалардың тапшылығы кезінде банк дивиденд мөлшерін шектеуі мүмкін.

Инвестициялық мүмкіндіктерді анықтайтын факторлар:



а) инвестициялық жобалардың мүмкін тиімділігі;

б) дивидендтік саясаттың иілгіштігін қамтамасыз ету үшін жобаларды жылдамдату немесе баяулату мүмкіндіктері.

Капиталдың баламалы көздерін анықтайтын факторлар:



а) жаңа акцияларды сату бойынша шығындар;

б) бақылау. Қосымша инвестицияларды тарту үшін жаңа акцияларды шығару фирманы бақылаудың мүмкіндігін жоғалтуға әкеледі.

в) капитал құрылымының иілгіштігі.

Қажетті пайдалылық мөлшерлемесіне әсер ететін дивидендік саясатты анықтау факторлары:




а) салықтар ставкасы, яғни дивидендік саясатты таңдауға салықтық заң әсер етеді;

б) акционерлердің қызығушылығы, егер акционерлерге дивидендік саясат ұнамаса, онда ол өз капиталын басқа фирмалар акциясына салады;

в) акционерлермен фирма операцияларының мүмкін тәуекел дәрежесін бағалауда салым салуда таңдауы бар;

г) нарықтағы фирма акциясының бағасы.

Дивидендтік саясатты үлгілеудің теориялық тәсілдемесі.



1. Тұрақты дивиденд (ирреванттылық) теориясы (Ф. Модильян, М. Миллер).

2. «Қолдағы байлық» теориясы (М. Гордон, Д. Линтнер).

3. Салықтық әсер теориясы (Р. Литценбергер, К. Рамасвани).

Тұрақты дивиденд теориясының жорамалдары:



- 1) жеке және заңды тұлғалар үшін салықтар қарастырылмаған;
- 2) акцияларды шығару және орналастырумен байланысты шығындар болмайды;
- 3) дивидендтерді төлеу саясаты фирманың құнына немесе капиталдың бағасына әсер етпейді, сондықтан оларды төлеу туралы шешім акционерлердің әл-ауқатына әсер етпейді;
- 4) фирманың инвестициялық саясаты дивидендтік саясатына тәуелді емес;

Тұрақты дивиденд теориясының жорамалдары (жалғасы):

5) фирманың инвестициялау мүмкіндіктеріне қатысты ақпаратқа акционерлер де инвесторларда тең дәрежеде және ақысыз негізде қол жеткізеді.




Теорияның мәні

Акционер оның табысы фирманың қандай көздерінен қалыптасатыны жайлы ақпаратқа мән бермейді.

«Қолдағы байлық» (Синица в руках) теориясының мәні :

мұнда акционер акциялар курсының өсімі есебінен күтілетін капитал өсімінен табылатын табыстан акционерлердің қазір, осы сәтте жоғары дивиденд алу тиімдірек деген пікірді ұстанады.

**Яғни, акционер дивиденд түрінде алған
табыстың тәуекелділігі
капиталдандырылған табысты алу
тәуекелінен әлде қайда төмен деп есептейді.**





Салықтық әсер теориясының мәні:

Капитал өсімінің пайдасына қарағанда, дивидендтер жоғары салық мөлшерлемесімен алынады. Сәйкесінше, инвесторлар тиімді акциялар бойынша алынатын табысқа байланысты дивидендтер бойынша жоғары ставканы талап етуі қажет. Сондықтан да фирма құнды шарықтату үшін аз дивиденд төлеуі қажет.


**Дивидендтік саясат дивидендтік
төлемдерді барынша азайтуды, ал тиісінше
меншік иелерінің жиынтық кірісін ең жоғары
салықтық қорғауды алу үшін пайданы
капиталдандыруды барынша арттыруды
қамтамасыз етуі тиіс**

Дивидендтік саясат түрлері



Дивиденттік саясатын қалыптастыруға анықтаушы амал	Дивиденттік саясатының пайдаланатын типтерінің түрлері (нұсқалары)
1. (Керітартпа) консервативтік амал	1. Дивиденттік төлемдердің қалдық саясаты 2. Дивиденттік төлемдердің тұрақты мөлшерлі саясаты
2. Біркелкі (ымырашыл) амал	3. Жеке кезеңдерде үстемақысы бар дивиденттердің тұрақтығы төмендеу мөлшерлі саясаты
3. Агрессивтік амал	4. Дивиденттердің тұрақты деңгейлі саясаты 5. Дивиденттердің үнемі өсу саясаты

Дивидендтік саясат түрлері



Дивидендтерді төлеу әдістері:



Тұрақты дивидендтерді төлеу әдісі.

Мұнда фирма үнемі аз мөлшерде дивиденд төлеп отырады. Бұл инвесторлар үшін қолайсыз, өйткені фирма көп пайда алған кезде жоғары дивиденд алуға талпынбайды.

Дивидендті қалдық ретінде бекіту әдісі.

Бұл теорияға сәйкес фирма дивидендтік саясатты таңдаудан бұрын капиталды салымдардың қолайлы бюджетін анықтау керек, кейін бұл бюджетті қаржыландыруға баратын меншік қаражаттарды бөледі. Тек содан кейін ғана дивидендке бағыттالاتын пайда сомасын есептейміз. Бұл модель бойынша төлем коэффициенті жыл сайын өзгеруі мүмкін.

Пайданы тұрақты пайыздық бөлу әдісі.

Фирма бұл жағдайда пайданың бір бөлігін дивиденд ретінде үнемі төлеп отырады. Таза пайданың мөлшері тұрақты болмайтындықтан, дивиденд мөлшері өзгеріп отырады.

Акция формасындағы дивиденд және акцияны бөлшектеу әдісі.

Акция формасындағы дивиденд – акционерлер үшін шығарылған акцияның қосымша қоржыны. Мұнда акцияның нарықтық бағамы түседі, бірақ акционерлер үлесі бір қалыпта қалады. Акцияны бөлшектеу әдісі – қосымша акция шығарылады. Акция ұсақ меншік иелеріне сатылады.

Дивидендтік саясаттың міндеті –


акционерлердің мүддесі мен кәсіпорынның дамуын жеткілікті деңгейде қаржыландыру қажеттілігі арасында оңтайлы үйлесім табу



Таза пайданың неғұрлым көп бөлігі дивидендтерді төлеуге жұмсалса, соғұрлым кәсіпорынның өзін-өзі қаржыландыру мүмкіндігі азаяды, ол өз кезегінде меншікті капитал мен табыстың өсу қарқынын төмендетеді, төлем қабілеттілік азаяды.



Егер акционерлер инвестицияланған капиталы бойынша жеткіліксіз деңгейде пайда көрген жағдайда акцияларды сатуға асығады. Бұл ретте кәсіпорынның нарықтық құны төмендейді және оның иелері акционерлік капиталды бақылау мүмкіндігінен айырылады.



Дивиденд төлеу мерзімдерін АҚ бекітеді. Олар жылдық және аралық болуы мүмкін. Жылдық дивиденд төлеу туралы шешімді дивидендтің әр категориясы бойынша директорлар кеңесінің ұсынысымен акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Дивиденд тек ұстаушылар қолындағы акцияларға ғана төленеді. Ал ұстаушылардан сатылып алынған немесе акционелік қоғам балансындағы акцияларға дивиденд есептелмейді.

Жылдық дивиденд мөлшері директорлар кеңесі ұсынғаннан көп болуы мүмкін, бірақ төленген аралық дивидендтерден аз болуға тиіс емес. Жалпы жиналыс дивиденді бөлшектеп төлеу, сондай-ақ, төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Дивидендтерді төлеу тәртібі:



1 Директорлар кеңесі төленуге ұсынылатын дивидендтердің көлемі туралы жария етеді.

2 Дивидендтерді алуға және акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар акционерлердің тізілімін жабу күні бекітіледі.

3 Акционерлердің жалпы жиналысының өтетін уақыты жарияланады.

4 Дивидендтерді төлеу мерзімі белгіленеді.

Мысал 1



Жарғылық капитал	1 млрд. теңге
Акция номиналы	1000 теңге
Артықшылығы бар акциялар	25%
Жай акциялар	75%
Артықшылығы бар акциялар бойынша дивиденд	12%
Дивидендтерді төлеуге арналған таза пайда	115 000 000

Шешуі:

1 Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтерді есептеу


1 акцияға: $1000 * 12 / 100 = 120$ теңге

Барлығы: $120 * 250\ 000 = 30\ 000\ 000$

2 Жай акциялар бойынша дивидендтерді есептеу

Жай акцияларға келетін таза пайда бөлігі: $115\ 000\ 000 - 30\ 000\ 000 = 85\ 000\ 000$

1 акцияға келетін дивиденд: $85\ 000\ 000 / 750\ 000 = 113,33$ теңге



Дивидендті ақшамен немесе қоғамның жағдайына қарай басқадай мүлікпен төлеуге болады. Егер дивидендті акциямен төлесе, «табысты капиталандыру» немесе реинвестициялау деп аталады. Теория жағынан алғанда, меншікті акциямен табыс төлеу дивиденд болып саналмайды, себебі олар таза табыстық бөлігі болып табылмайды.

Мысал 2


Дивидендная политика ОАО «Сбербанк России»



Содержание:

	Стр.
1. Общие положения	3
2. Порядок определения размера дивидендов	3
3. Порядок принятия решения (объявления) о выплате дивидендов	4
4. Список лиц, имеющих право на получение дивидендов	4
5. Порядок выплаты дивидендов	4
6. Процедура утверждения, изменения и дополнения Дивидендной политики	5
7. Порядок информирования акционеров и инвесторов о Дивидендной политике	6
8. Срок действия настоящей Дивидендной политики	6

«Ресей Жинақ банкі» ААҚ-ның 2010-2014 ж.ж. аралығындағы акция бағамдарының өзгерісі



«Ресей Жинақ банкі» ААҚ-ның дивидендтерді төлеу процесі



Год выплаты	По итогам года	Обыкновенные акции, руб. на одну акцию	Номинальная стоимость обыкновенной акции, руб.	Привилегированные акции, руб. на одну акцию	Номинальная стоимость привилегированной акции, руб.
2002	2001	52,85	50	1,14	1
2003	2002	109	50	2,32	1
2004	2003	134,5	50	2,88	1
2005	2004	173,9	50	3,79	1
2006	2005	266	50	5,9	1
2007	2006	385,5	3000	9,3	60
2008	2007	0,51	3	0,65	3
2009	2008	0,48	3	0,63	3
2010	2009	0,08	3	0,45	3
2011	2010	0,92	3	1,15	3
2012	2011	2,08	3	2,59	3
2013	2012	2,57	3	3,20	3



Назарларыңызға
рақмет!